

Written for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in "6D021200" - Turkic Studies by Burkitbayeva Shynaray Dubirovna, doctoral student of the Department of Turkic Studies, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University. The dissertation on "Poetry of the Turkic peoples in independent Kazakhstan: historical knowledge and national identity (on the works of Akhiska Turks, Uzbek, Uyghur, Tatar poets)" foreign supervisor of the dissertation on the topic: Hatice Shirin, PhD, Professor, Ege University, Izmir, Republic of Turkey

OPINION

The theme of the scientific work "Poetry of the Turkic peoples in independent Kazakhstan: historical knowledge and national identity (on the works of Akhiska Turks, Uzbek, Uyghur, Tatar poets)" prepared by Burkitbayeva Shynaray Dubirovna is new and relevant, as well as scientific and state programs of Kazakhstan. The literature of the Turkic peoples in Kazakhstan is an outstanding branch of spiritual values in the world art of speech. It is true that the achievements of the Kazakh nation in the field of material and spiritual culture are fully recognized by the contribution of the fraternal Turkic peoples of the republic (Meskhetian Turks, Uzbeks, Uighurs, Tatars). For the first time in the work of the study, the common national Turkic essence in the works of poetry of the Turkic peoples of Kazakhstan (Akhiska Turks, Uzbeks, Uighurs, Tatars), the national identity is considered for the first time on the laws of historical poetics. Historical and cultural differences in the preservation of the common literary foundations of the poetry of the Turkic peoples in Kazakhstan and the individual development of each with its own national character are also differentiated. Features of the content (theme and idea) and form (plot, composition, style) of the poetry of the fraternal Turkic peoples in Kazakhstan, the main homeland of the ancient Turkic civilization, are also enriched in terms of literary process and the continuity of the poets' works. Assessments of the beneficial effect of the tradition of literary translation of Turkic poets. If the literature and art of speech of the fraternal Turkic peoples inhabiting the independent country of Kazakhstan are more purposefully involved in such specific areas of research, it will be a significant event for the benefit of future generations.

Since the introduction and conclusion of the dissertation and the three chapters are in a certain system, logical integrity, the purpose of the research was successfully fulfilled. The chapter "Historical and literary development and national identity" (Chapter 1) consists of three sections. In this section "Creativity of the Turkic peoples in Kazakhstan - a traditional continuation of the Golden Horde state" Sh.D. Burkitbayeva NA Nazarbayev's opinion. The importance of the Golden Horde epoch in the history of Turkic literature is emphasized. In the second part, "Kazakhstan's literary and cultural center - the Eternal Fatherland", the

YA

homeland of all Turkic-speaking peoples - the Eternal Fatherland - is specified in the poems of Turkic poets living in the Kazakh land. The third section, "Poetry of the Turkic peoples in Kazakhstan - a part of Kazakh literature" explores the role of the works of poets of the Turkic peoples in Kazakh literature.

The chapter "Ideology of the Eternal Country and the National Code in the Poetry of the Turkic Peoples in Independent Kazakhstan" (Chapter 2) It consists of three sections: "Common Turkic Saryn in the Poems of Turks and Tatar Poets". He also analyzes the songs of the poets of the Turkic peoples living in the Kazakh land, who adhere to the ideology of our ancestors "Eternal Country".

The third chapter is entitled "Development of works of Turkic peoples in independent Kazakhstan" (Chapter 3), "Literary and national features of the works of Akhiska Turkic poets", "National identity in the works of Uzbek poets", "The contribution of Uyghur poetry in the development of independent Kazakhstan", It consists of four interrelated sections, such as "The concept of "Homeland - Kazakhstan" in the poems of Tatar poets.

It is obvious that labor has educational benefits for activities aimed at strengthening cultural and fraternal relations between the fraternal Turkic peoples. Therefore, Sh.D. Burkitbayeva's research work can be considered as a valuable work in the fundamental, applied areas of Kazakh literary criticism.

According to the dissertation Sh.D. Burkitbayeva has published 12 articles. Several of them were published in Turkey.

The goals and objectives of the dissertation research work are fully fulfilled.

In conclusion, written for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in "6D021200" - Turkic Studies by Burkitbayeva Shynaray Dubirovna, I consider the dissertation "Poetry of the Turkic peoples in independent Kazakhstan: historical knowledge and national identity (on the works of Akhiska Turks, Uzbek, Uyghur, Tatar poets)" as a complete work.

Foreign research supervisor
PhD, Professor
Hatice Shirin



Prof.Dr. Yusuf AYÖNÜ
Dekan

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультеті түрксой кафедрасының докторанты Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызының «6D021200» - Түркітану мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және ұлттық бірегейлік (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)» тақырыбындағы диссертациясына шетелдік ғылыми жетекшісі Түркия Республикасы, Измир қаласы, Еге университеті, PhD доктор, профессор Хатиже Шириннің

ШІКІРІ

Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызы дайындаған «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және ұлттық бірегейлік (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)» атты ғылыми жұмысының тақырыбы тың әрі өзекті болып келуімен қатар, Қазақстанның ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен байланысты болып отыр. Қазақстандағы түркі халықтары әдебиеті - әлемдік сөз өнері құрамындағы рухани құндылықтардың көрнекті саласы. Қазақ ұлтының материалдық және рухани мәдениет салаларындағы даму жетістіктері де республикамыздағы туысқан түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) қосқан үлестермен толығы танылатыны ақиқат. Зерттеу еңбекте Қазақстандағы түркі халықтары (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар) поэзиясы шығармаларындағы ортақ ұлттық түркілік сарын, ұлттық бірегейлік тарихи поэтика заңдылықтары бойынша алғаш рет арнайы қарастырылған. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының түпкі ортақ әдеби негіздерінің сақталуындағы және әрқайсысының өзіндік ұлттық сипатпен даралана дамуындағы тарихи-мәдени өзгешеліктер де сараланған. Байырғы түркі өркениетінің негізгі Отаны - Қазақстандағы туысқан түркі халықтары поэзиясының мазмұн (тақырып пен идея) мен пішін (сюжет, композиция, стиль) ерекшеліктері де әдеби үдеріс және ақындар шығармалары сабақтастығы тұрғысынан жаңаша байыпталған. Түркі халықтары ақындарының көркем аударма шығармашылығы дәстүрінің пайдалы әсеріне бағалаулар жасалған. Тәуелсіз ел – Қазақстанды мекендеп отырған туысқан түркі халықтарының әдебиеті, сөз өнері осындай нақтылы зерттеу бағыттарына неғұрлым мақсатты түрде тартылып отырса, келешек ұрпақ игілігіне айналар мәнді шара болмақ.

УА

Диссертацияның кіріспесі мен қорытындысы және үш тарауы белгілі бір жүйеде, логикалық тұтастықта болғандықтан, ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты сәтті орындалған. «Тарихи-әдеби даму және ұлттық бірегейлік» (1-тарау) атты тарауы үш бөлімнен тұрады. «Қазақстандағы түркі халықтары шығармашылығы – Алтын Орда мемлекетінің дәстүрлі жалғасы» атты бұл бөлімде бүкіл түркі тектестердің атамекені болған қазақ жерінде ерте замандардан бастау алған түркі халықтарының мәдени жетістіктері қалыптасқандығын Ш.Д.Бүркітбаева Н.Ә. Назарбаевтың пікірімен айқындайды. Түркі халықтары әдебиетінің тарихында Алтын Орда дәуірінің маңызы зор екендігіне ерекше тоқталады. «Қазақстан әдеби-мәдени орталық – Мәңгілік атамекен» атты екінші бөлімінде барлық түркі тілдес халықтардың атажұрты – Мәңгілік атамекені Қазақстан екендігін қазақ жерінде өмір сүріп жатқан түркі ақындарының жырларымен нақтылай көрсеткен. «Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы – қазақ әдебиетінің бір бөлшегі» атты үшінші бөлімде түркі тілдес халықтар ақындарының шығармаларының қазақ әдебиетіндегі алар орынын зерделейді.

«Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгі Ел» идеологиясы және ұлттық код» (2-тарау) атты тарауы да «Тәуелсіз ел тұғыры - ұлттық код – ұлттық құндылық», «Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясында «Мәңгі Ел» идеясының жырлануы», «Ахыска түріктері мен татар ақындары жырларында ортақ түркілік сарын» атты үш бөлімнен тұрады. Ата – бабамыз ұран еткен «Мәңгі Ел» идеологиясын ұстанған қазақ елінде өмір сүріп жатқан туысқан түркі тектес халықтар ақындарының да ұлттық бірегейлікті жырлаған жырларын талдайды.

«Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары шығармаларының даму барысы» (3-тарау) деп аталатын үшінші тарауы «Ахыска түріктері ақындары шығармаларының әдеби және ұлттық ерекшеліктері», «Өзбек ақындары шығармаларындағы ұлттық бірегейлік», «Тәуелсіз Қазақстан әдебиеті дамуындағы ұйғыр ақындары поэзиясының үлесі», «Татар ақындары жырларындағы «Туған Отан – Қазақстан» түсінігі» секілді өзара сабақтасқан төрт бөлімнен тұрады.

Туысқан түркі халықтары арасындағы мәдени, туысқандық қарым-қатынастарды нығайту жолындағы іс-шаралар үшін де еңбектің тәлім-тәрбиелік пайдасы тиетіні айқын байқалады. Сондықтан, Ш.Д. Бүркітбаеваның ғылыми-зерттеу еңбегін қазақ әдебиеттану ғылымының іргелі, қолданбалы салалары бойынша тиянақты орындалған құнды еңбек деп бағалауға әбден болады.

Диссертация бойынша Ш.Д. Бүркітбаева 12 мақала жариялаған. Оның бірнешеуі Түркияда жарық көрген.

УА

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері толық орындалған.

Қорыта айтқанда, Ш.Д. Бүркітбаеваның «6D021200» - Түркітану мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы: тарихи таным және ұлттық бірегейлік (ахысқа түріктері, өзбек, ұйғыр, татар ақындарының шығармалары бойынша)» атты диссертациясын толық аяқталған еңбек деп бағалаймын.

Шетелдік ғылыми жетекші

PhD доктор, профессор

Хатиже Ширин

Prof.Dr. Yusuf AYÖNÜ
Dekan

